**"Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қараудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 29 карашадағы № 496 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 265 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 наурызда № 20193 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 118 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.04.2022 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қараудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 496 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6681 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінде 2011 жылғы 12 қаңтарда № 7-8 (26428-26429 болып жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қараудың қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитеті :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне (М.Т. Қабденов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ішкі істер Министрі* — *Е. Тургумбаев*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

2020 жылғы 30 наурызы № 265
бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2010 жылғы 29 қарашадағы
№ 496 бұйрығымен бекітілген

## Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қараудың қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Босқын мәртебесін алу туралы өтінішхатты тіркеу және қарау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы " 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және "Босқындар туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қараудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өтінішхат - пана іздеген адамның жеке өзі немесе осыған уәкілетті өкілі арқылы өзінің келген жері бойынша босқын мәртебесін беру туралы уәкілетті органға жазған жазбаша өтініші;

2) пана іздеген адам (бұдан әрі - адам) - уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы өздерінің өтінішхаты бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға ниет білдірген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

3) пана іздеген адамның куәлігі (бұдан әрі - куәлік) - босқын мәртебесін беру туралы өтінішхаттың тіркелуін растайтын, уәкілетті орган беретін құжат;

4) пана іздеген адамның отбасы мүшелері - жұбайы (зайыбы), олардың кәмелетке толмаған балалары және оның асырауындағы басқа адамдар;

5) босқын - нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне қарай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам;

6) уәкілетті орган - босқындар мәселелері бойынша қатынастарды реттеу саласында басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

## 2-тарау. Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу тәртібі

3. Босқын мәртебесін алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасына келісімен күнтізбелік бес күннің ішінде немесе өзі Қазақстан Республикасының аумағында болып, нәсілдік, ұлттық, діни сенім, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалауға ұшырау жағдайларының туындауы туралы білген сәттен бастап осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін өзі немесе осыған уәкілетті өкіл уәкілетті органның аумақтық бөлінісі - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың Полиция департаменттерінің Көші-қон қызметі басқармасына (бұдан әрі - КҚҚБ) береді.

Адамның бақылауға алуына келмейтін және оның өтінішхатпен уақтылы өтініш білдіруіне мүмкіндік бермейтін еңсерілмейтін күштер (жер сілкінісі, теңіз дауылы, су тасқыны, соғыс, жаппай тәртіпсіздіктер және т.б.) болған кезде өтініш білдіру мерзімі еңсерілмейтін күштің әрекетіне тең кезеңге ұзартылады.

4. Процесс сипаттамаларын, нысанын, көрсетудің мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді енгізетін мемлекеттік қызмет көрсетуге негізгі талаптар тізбесі " Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

5. Уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат келіп түскен күні осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны қабылдауды, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пана іздеуші адамдарды тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады. КҚҚБ бастығы бөліністің жауапты орындаушысын айқындайды.

6. КҚҚБ қызметкері өтінішхатты қабылдау кезінде "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген оның құқықтарымен және мінлеттерімен таныстырады.

7. Пана іздеген адамға Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеген күні "Пана іздеген адамның куәлігі үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 328 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9592 болып тіркелген) нысан бойынша Қазақстан Республикасында пана іздеген адамның куәлігі беріледі және оның өтінішхаты бойынша шешім қабылдағанға дейінгі мерзімге оны есепке қою жүргізіледі.

Он сегіз жасқа толған шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға куәлік үш ай мерзімге беріледі, КҚҚБ басшысы қол қояды және мөрмен куәландырылады.

Он сегіз жасқа толмаған отбасы мүшелері туралы мәліметтер пана іздеген адамның, ата-анасының бірінің немесе заңды өкілдерінің куәлігіне енгізіледі.

Он сегіз жасқа толмаған және Қазақстан Республикасының аумағына ата-анасыз немесе заңды өкілдерінсіз келген пана іздеген адамға пана іздеген адамның куәлігі беріледі.

Пана іздеген адамның куәлігі босқын деп тану туралы өтініш білдірген шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының аумағында болуының заңдылығын растайды.

Өтінішхатты қарау мерзімі ұзартылған жағдайда жарамдылық мерзімі өтіп кеткен пана іздеген адамның куәлігінің орнына үш ай мерзімге жаңа куәлік беріледі.

8. Өтінішхат мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылады және адам және аудармашы (аудармашы қатысқан жағдайда) қол қояды. Егер адам өтінішхатты мемлекеттік немесе орыс тілінде өз бетінше толтыра алмаса не сауатсыз болса, онда өтінішхатты өтініш иесінің сөзінен аудармашы толтырады. Осындай жағдайда өтінішхат беруші адамнан аударма сапасымен қанағаттандырылғаны туралы жазбаша өтініш алу қажет.

Адам, онымен бірге келген отбасы мүшелері өтініш білдірген күні аудармашыны ұсыну мүмкін болмаған не оларда жеке басты куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда босқын деп тану туралы өтінішхатты қабылдау күні мен уақыты адаммен, оның ішінде телефон арқылы келісіледі.

9. Адам Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде көші-қон бақылауы пунктіне, ал осындай пункт болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшесіне жазбаша өтінішхат береді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункті болмаған кезде адам Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын мәжбүрлі түрде заңсыз кесіп өткен жағдайда бір тәулік ішінде ҚҚҚБ-ге жүгінуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ҰҚК) Шекара қызметінен ҚҚҚБ-ге келіп түскен өтінішхатты ҚҚҚБ өтінішхат келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде Пана іздеген адамдарды тіркеу журналында тіркейді және ол сол күні ҚҚҚБ-ның уәкілетті қызметкерінің қарауына беріледі.

10. Егер адам Қазақстан Республикасының аумағына әлі келмеген болса, ол жазбаша өтінішхатпен өзі немесе осыған уәкілетті өкіл арқылы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне жүгінеді.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты дипломатиялық арналар арқылы ҚҚҚБ-ге қарауға береді.

11. Егер адам жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауы туралы мәлімдесе, ол туралы мәлімет оның сөзінен жазылады және онымен бір жұмыс күні ішінде әңгімелесу жүргізіледі.

12. Өтінішхат отбасының он сегіз жасқа толған әрбір мүшесінен қабылданады .

Отбасының он сегіз жасқа толмаған және пана іздеген адаммен бірге келген мүшелері туралы мәліметтер туу туралы құжаттарының негізінде ата-анасының біреуінің, ата-анасы болмаған кезде заңды өкілінің не отбасының он сегіз жасқа толған және отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелерін тәрбиелеуге және оларды асырауға өз еркімен міндеттеме алған бір мүшесінің өтінішхатына жазылады. Көрсетілген міндеттеме еркін нысанда жазбаша түрде жазылады және жеке істің материалдарына қоса тігіледі. Бір отбасы мүшелерінің өтінішхаттары бойынша материалдар бір жеке іске ресімделеді.

Өтінішхаты тіркелген адамның Қазақстан Республикасына жеке келген отбасы мүшелері оларда босқындар деп тану үшін негіздер болмаған жағдайда, отбасымен қосылу мақсатында өтінішхат берген кезде отбасылық қатынастарын растайтын құжаттамалық дәлелдемелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы адамның өз отбасы мүшелерін қабылдауға келісетіні туралы еркін түрдегі өтінішін ұсынады.

13. Көрсетілетін қызметті беруші деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

## 3-тарау. Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты қарау тәртібі

14. Өтінішхатты қарау рәсімін өтінішхатты қабылдағаннан кейін жауапты орындаушы жүргізеді және:

көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күнге "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесінің "Босқындарды есепке алу" модулінде пана іздеген адамға электрондық іс жүргізуді;

өтінішхатты қабылдағаннан кейін күнтізбелік үш күн ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пана іздеген адамды есепке алу карточкасын (бұдан әрі - есепке алу карточкасы) ресімдей отырып, пана іздеген адаммен сауалнама жүргізуді;

сауалнама жүргізілгеннен кейін пана іздеген адамды күнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының барлық есептері, сондай-ақ Бас прокуратура Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Құқық қорғау және арнаулы органдарының ақпараттық алмасу жүйесінің (ҚҚАОААЖ) есептері бойынша тексеруден;

ІІО және ҚҚАОАЖ есептері бойынша адамды тексеруді жүзеге асырғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде өтініш иесімен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама парағын ресімдей отырып, жеке әңгімелесу жүргізуден, сондай-ақ осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес міндетті медициналық куәландыруға жолдама беруден;

Адамнан сұхбат алу аяқталғаннан кейін біркүндік мерзімде ұлттық қауіпсіздік органына есепке алу карточкасының көшірмесі қоса беріле отырып, сұрау салу жолданады, ұлттық қауіпсіздік органдары жауапты күнтізбелік отыз күн ішінде жолдаудан;

Ұлттық қауіпсіздік органдарының жауабын алғаннан кейін жауапты орындаушы күнтізбелік он күн ішінде іс материалдарын, фактілерді, алынған мәліметтердің дұрыстығын тексереді, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына сұрау салу жолдауды;

Күнтізбелік он күн ішінде өтінішхатты зерделеуді және ақпаратты жинауды аяқтағаннан кейін жауапты орындаушы Босқын мәртебесін беру, ұзарту, тоқтату және айыру рәсімін жүзеге асыру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) отырысында қарау үшін материалдар дайындаудан тұрады.

Өтінішхатты қарау мерзімін ұзарту үшін негіз болған жағдайда КҚҚБ бастығы Комиссияның ұсынымы бойынша тиісті шешім қабылдайды, ол туралы пана іздеген адамға екі жұмыс күні ішінде хабарланады.

Комиссияның өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша КҚҚБ бастығы күнтізбелік бір күн ішінде өтінішхат бойынша шешім қабылдайды.

Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат бойынша оң шешім қабылданған жағдайда күнтізбелік бес күн ішінде адам дактилоскопиялануы тиіс.

Қабылданған шешім туралы адамға бес жұмыс күні ішінде босқын куәлігін беру арқылы хабарланады немесе дәлелді бас тартылады.

15. Есепке алу карточкасы пана іздеген адамның жеке ісінде сақталады. Кейіннен КҚҚБ-ның уәкілетті қызметкері есепке алу карточкасында (қағаз тасымалдағышта) осы шетелдікке, азаматтығы жоқ адамға қатысты қабылданған барлық шешімдер туралы белгі қояды және бұл туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне (бұдан әрі - КҚҚК) хабарлайды.

16. КҚҚБ-ның шетелдікпен, азаматтығы жоқ адаммен әңгімелесуді жүзеге асыратын қызметкеріне түпнұсқалы құжаттар мен материалдар қарау үшін ұсынылады.

Бұл ретте шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттарының көшірмелері алынады.

Өтінішхаттың негізділігін растайтын ұсынылған немесе алынып қойылған басқа да құжаттар мен материалдар шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның өтінішхатына түпнұсқада (болған жағдайда) қоса тігіледі.

17. Әңгімелесу өткізуге дайындалу кезінде КҚҚБ қызметкері:

шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның өтінішхатын, сондай-ақ ол ұсынған өтінішхат беру негізділігін растайтын құжаттар мен материалдарды зерделейді;

өтінішхат берген адамның азаматтық тиесілілігі мемлекеті не бұрынғы тұрған жері туралы ақпаратты жинауды және зерделеуді жүзеге асырады.

Ақпарат саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай, паспорттық-визалық режим , адамның негізгі құқықтарын сақтау, мәдениеті және діні, тарихы және географиялық орналасуы, қудалау қаупі бар адамдар санаты туралы мәліметтерді қамтиды;

босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты беру негізділігін растауды қажет ететін мән-жайларды (нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүруі және өз елінің қорғауын пайдалана алмауы немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмеуі) анықтайды.

18. Әңгімелесу оқшауланған үй-жайда, бөтен адамдар кіргізілмей өткізіледі. Егер өтініш иесі мемлекеттік немесе орыс тілін білмесе, ал әңгімелесуді өткізетін қызметкер өтініш иесінің тілін білмесе, аудармашы шақыру туралы мәселе шешіледі.

Кәмелетке толмағандармен әңгімелесу олардың қамкоршысының немесе қорғаншысының қатысуымен өткізіледі.

Қудалау құрбаны болу қаупі қорқытумен не сексуалдық зорлық-зомбылықпен , азаптаулармен, гендерлік фактормен, сенімді қарым-қатынасты қажет ететін басқа да уәждермен байланысты адамдармен әңгімелесуді өтініш беруші адаммен мүмкіндігінше бір жынысты адам өткізеді.

19. Әңгімелесу басталар алдында КҚҚБ қызметкері өзін таныстырады, өтініш иесіне оның құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде мәлімделген мекенжай бойынша тұру міндетін, оны босқын деп тану рәсімін түсіндіреді, сондай-ақ аудармашыға сенім білдіретіндігін нақтылайды.

Өтініш иесіне әңгімелесу нәтижесінде алынған мәліметтер оның келісімінсіз жариялануға жатпайтыны және өтініш иесінің азаматтық тиесілілігі немесе бұрын тұрған жері мемлекетінің билігіне не бөтен адамдарға берілмейтіні хабарланады.

КҚҚБ қызметкері өтініш берушіге қойылатын сұрақтарға шынайы ақпарат беру қажеттілігі туралы, ол жалған мәліметтерді хабарлаған не қолдан жасалған құжаттарды ұсынған жағдайда туындауы мүмкін салдар туралы ескертеді.

20. Әңгімелесу өткізу кезінде КҚҚБ қызметкері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әңгімелесу өткізу кезінде шетелдікке, азаматтығы жоқ адамға қойылатын сұрақтар тізбесінен сұрақтар қояды. Сұрақтар адамға кез келген кезектілікте қойылады. Негізгі тізбедегі сұрақтар міндетті түрде қойылады. Жауаптың сипатына қарай қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Жауаптар өтініш иесінің атынан сол берілген нысанда, оның ішінде " білмеймін", "есімде жоқ" және сол сияқты жауаптар сөзбе-сөз тіркеледі.

Әңгімелесу барысында өтініш иесінің жауаптары оның азаматтық тиесілілік немесе бұрынғы тұрған жерінің мемлекеті туралы ақпаратпен салыстырылады.

21. Әңгімелесуді өткізетін КҚҚБ қызметкері өтінішхат берген адамға өтінішхатты беру негізділігін, сондай-ақ өз жауаптарының шынайылығын растайтын қосымша дәлелдемелерді олар болған жағдайда ұсынуды ұсынады.

22. Әңгімелесу барысында өтініш иесі өзі және өзінің өткені, жақын туыстары туралы мәліметтерді, босқын деп тану туралы өтінішхатпен өтініш білдіру үшін негіз болған фактілер мен себептерді баяндайды.

Қудалау құрбаны болуы қаупінің растауы оның азаматтық тиесілігінің немесе бұрынғы тұрған жерінің мемлекетінде жауапкершілікке тарту туралы биліктің ресми органдарының, оның ішінде соттың, полицияның, прокуратураның, мемлекеттік қауіпсіздіктің құжаттары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараты болып табылады.

Әңгімелесу кезінде азаматтық тиесілілігінің немесе бұрынғы тұрған жерінің мемлекетіне оны жіберуге кедергі келтіретін мән-жайлардың бар-жоғы туралы өтініш иесінің пікірі анықталады.

23. Отбасын біріктіру мақсатындағы өтінішхатты қарау кезінде өтініш иесі отбасылық қарым-қатынастарының бар екенін растайтын құжаттамалық дәлелдемелер ұсынады.

Өтініш иесімен және отбасын біріктіру мақсатында оған өтініш иесі келген шетелдікпен әңгімелесу ұсынылған дәлеледемелердің түпнұсқалығын анықтау не оларды алу үшін бөлек жүргізіледі.

24. Әңгімелесу аяқталғаннан кейін әңгімелесуді өткізген КҚҚБ қызметкері өтініш берген адамнан қосымша ақпараттың бар-жоғын нақтылайды, оның көрсетпелеріндегі сәйкессіздіктер немесе дәлсіздіктер бойынша түсініктеме беруін ұсынады, сондай-ақ қосымша әңгімелесу өткізу мүмкіндігі туралы ескертеді.

25. Оқиғалар мен негізгі фактілерді, күндерді, адам есімдерін, баяндалған оқиғалар болған жерлердің атауы көрсетілген сауалнама парағы әңгімелесу өткізу уақытында немесе ол аяқталғаннан кейін дереу ресімделеді.

26. Сауалнама парағын ресімдегеннен кейін КҚҚБ қызметкері өтініш берушіні оның мазмұнымен жеке өзі не аудармашы арқылы таныстырады. Жазбада анықталған дәлсіздіктер түзетілуге тиіс. Ресімделген сауалнама парағына аудармашы (егер әңгімелесу аудармашының қатысуымен өтсе), қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілі, қамқоршысы немесе қорғаншысы (олар қатысқан жағдайда), КҚҚБ қызметкері және өтініш иесі қол қояды, өтініш иесі сауалнама парағының әр парағына қол қояды.

27. Әңгімелесу өткізілгеннен және сауалнама парағы толтырылғаннан кейін өтініш иесіне міндетті медициналық куәландыруға жолдама беріледі.

Шетелдікке медициналық куәландырудан өту тәртібі, одан өтуден бас тартудың, сондай-ақ босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты қараудың одан рәсімдерін жүргізу үшін КҚҚБ-ге келмеу тәртібі түсіндіріледі.

Өтініш иесі міндетті медициналық куәландырудан өткеннен кейін медициналық куәландырудан өткенін растайтын анықтаманы КҚҚБ-ге жеке өзі ұсынады.

Егер міндетті медициналық куәландырудан өту мерзімі өтіп кетсе, сондай-ақ егер адам әңгімелесуден (босқын мәртебесін беру туралы қосымша немесе одан әрі рәсімінен) өту үшін КҚҚБ-ге келмеген жағдайда КҚҚБ келмеу себептерін түсіндіру үшін КҚҚБ-ге шақыра отырып, беру туралы хабарламамен бірге адам көрсеткен тұрғылықты мекенжайы бойынша тапсырыс хат (бұдан әрі - жазбаша хабарлама) жолдайды.

Егер адам оған жазбаша хабарлаған күннен бастап бір айдың ішінде КҚҚБ-ге келмесе, сол тәртіпте жазбаша хабарлама қайта жолданады. Адам қайта жазбаша

хабарландырылған күннен бастап бір ай ішінде КҚҚБ-ге келмеген жағдайда өтінішхатты қарау тоқтатылып, бұл туралы адам көрсеткен тұрғылықты мекенжайы бойынша хабарлама жолданады.

Өтінішхатты қарауды тоқтатқан жағдайда бұл туралы осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде КҚҚК-ге хабарланады.

28. Әңгімелесу аяқталғаннан кейін КҚҚБ:

баяндалған фактілерді тексеруді жүзеге асырады, оның ішінде адамның Қазақстан Республикасына келу мақсаттары мен себептерін нақтылайды;

қажет болған жағдайда ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығы мен алынған мәліметтердің шынайылығын тексеруді ұйымдастырады;

қажет болған жағдайда адаммен ұсынылған ақпараттың шынайылығын тексеру, материалдардағы сәйкессіздіктер мен қайшылықтарды жою үшін қосымша әңгімелесу өткізеді;

адам ұсынған мәліметтер мен фактілерді растау және адам туралы қосымша ақпарат алу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, ұйымдарына (мекемелеріне) сұрау салулар жолдайды;

адам ұсынған мәліметтерді растау қажет болған жағдайда куәгерлерді (бар болса) шақырады;

адам ұсынған құжаттар мен материалдарға, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың (мекемелердің) ақпаратына талдау жүргізеді, шетелдікпен сауалнама жүргізу және әңгімелесу нәтижелерін бағалайды.

29. Егер адам өтінішхатты қарау кезеңінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға ниеттенгені туралы мәлімдесе, оған өтінішхатты қарауды тоқтату туралы өтініш беру құқығы түсіндіріледі.

Адам өтінішхатты қарауды тоқтату туралы өтініш берген жағдайда КҚҚБ дереу тиісті шешім қабылдайды. Өтінішхатты қарауды тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін КҚҚБ шетелдіктен, азаматтығы жоқ адамнан пана іздеген адамның куәлігін алып қояды және адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуын бақылауды жүзеге асырады.

Өтінішхатты қарауды тоқтатқаннан кейін бір ай мерзімде КҚҚБ адамның кеткені туралы КҚҚК-ге хабарлайды.

30. Босқын деп тану туралы өтініш білдірген адамда босқын деп тану рәсімін өткізу кезеңінде балалары туған не отбасы мүшелерінің біреуі қайтыс болған жағдайда адам өтінішхатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін бұл туралы КҚҚБ-ге дереу хабарлайды.

31. Босқын деп танылған адамда бала туылған жағдайда адам өзі есебінде тұрған КҚҚБ-ге баланы босқын деп тану туралы өтініш береді. Өтінішке баланың тууы туралы куәлігі қоса беріледі.

КҚҚБ осындай өтініш бойынша шешімді бірінші кезекте қабылдайды.

**4-тарау. Босқын мәртебесін беру және ұзарту тәртібі**

32. Босқын мәртебесін беру туралы шешімді уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Комиссияның ұсынымы бойынша қабылдайды.

33. Комиссияның өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша КҚҚБ басшысы босқын мәртебесін беру не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

34. КҚҚБ-ның шешімі жалпы, дәлелдеме және қорытынды бөліктен тұрады.

Жалпы бөлікте:

адам туралы мәліметтер: тегі, аты (аттары), әкесінің аты (жеке басты куәландыратын құжатқа сәйкес), азаматтығы (бар болса), туған күні мен жері, діни сенімі, отбасы жағдайы, білімі, отбасы құрамы;

тұрғылықты жерлерін көрсете отырып, өтініш иесінің жақын туыстары туралы;

өтініш иесінің еңбек, саяси немесе қоғамдық қызметі, оның азаматтық тиесілілігі немесе бұрынғы тұрғылықты жерінің мемлекетінен шығуының мән-жайлары, жол жүру бағыты және Қазақстан Республикасына келуі туралы;

Қазақстан Республикасына келгенге дейін адамның өміріне қатысты өзге де мәліметтер көрсетіледі.

Дәлелдеме бөлігінде адам өтінішхатының негізділігіне баға беріледі.

Егер КҚҚБ қызметкері адамды босқын деп тану үшін негіздер жоқ екенін анықтаса дәлелдеме бөлігінде босқын деп танудан бас тартудың негіздемесі баяндалады.

Егер шетелдік бірнеше мемлекеттің азаматы болып табылса, ол азаматы болып табылатын мемлекеттердің біріне қорғау үшін өтініш білдіру мүмкіндігі туралы мәселе зерделенеді. Тек шетелдік өз азаматтығы мемлекеттерінің бірінің қорғауына жүгіне алмаған жағдайда, негіздер болса оған босқын мәртебесі беріледі.

Қорытынды бөлігінде босқын мәртебесін беру не одан бас тарту туралы қорытынды көрсетіледі. Босқын мәртебесін беруден бас тартылған жағдайда Заңның тиісті бабына сілтеме көрсетіледі.

35. Адам саудасынан, сексуалдық және гендерлік зорлық-зомбылықтан, азаптауды басынан өткерген адамдардан, сондай-ақ ілесіп жүретін адамдарсыз келген кәмелетке толмаған адамдардың өтінішхаттарын қарау басым тәртіпте қысқа мерзімдерде жүргізіледі.

36. Босқын мәртебесі берілген адамға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде есепке қою туралы белгісімен босқын куәлігін береді, оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

37. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде жүрген адамды босқын деп тану туралы шешімді, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі екі

жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органға жібереді және көрсетілген шешім одан әрі осы адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келу құжаттарын ресімдеу мақсатында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы өтінішхат берілген жердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне жіберіледі.

38. КҚҚБ босқын куәлігін бергенге дейін босқын деп танылған шетелдікті, азаматтығы жоқ адамды дактилоскопиялайды.

39. Босқын куәлігі босқын мәртебесін растайды және босқын деп танылған шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландырады.

Босқын куәлігі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды болады.

Босқын деп танылған адам отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелері туралы мәліметтер ата-анасының біреуінің, ата-анасы болмаған кезде заңды өкілінің не отбасының он сегіз жасқа толған және отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелерінің мінез-құлқына, тәрбиесіне және оларды асырауға өз еркімен жауапкершілік алған бір мүшесінің босқын куәлігіне жазылады. Нәтижесінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі көрсетілген адамдардың он сегіз жасқа толуына қарай, еркін нысанда жазылған өздерінің жазбаша өтініші негізінде оларға босқын куәлігін береді.

Он сегіз жасқа толмаған және Қазақстан Республикасының аумағына ата-анасынсыз немесе заңды өкілдерінсіз келген адамға да босқын куәлігі тапсырылады.

40. Босқын деп танылған адам босқын куәлігін алған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі босқынның бұрынғы берілген пана іздеуші адамның куәлігін алып, оны босқынның жеке ісіне қосады.

41. Босқын куәлігі ішкі істер органдарының көші-қон қызметінің бөлінісінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі беретін жолдаманың негізінде осы адамның босқын деп танылу мерзіміне тіркеледі.

Босқынның Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғылықты жері өзгерген кезде оның жеке ісінің материалдарды босқынның жаңа тіркелу орны бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жіберіледі.

42. Егер адам өзін босқын деп тану туралы шешімді қабылдағаннан кейін үш айдың ішінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне босқын куәлігін алуға келмесе және бұл адамның көрсетілген мекенжайда тұрмайтыны туралы хабарлама келіп түссе немесе осы адамның Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге кеткені туралы ішкі істер органдарынан ақпарат не адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерде екендігін растайтын басқа бір шынайы ақпарат алынса, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өзінің босқын мәртебесін беру туралы шешімінің күшін жояды.

43. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген пана іздеген адамға босқын мәртебесін беруден бас тартылған жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде бас тартудың себебі мен қабылданған шешімге шағымдану тәртібін көрсете отырып, осы адамға шешімнің көшірмесін оның тұрғылықты жері бойынша тапсырады немесе жібереді, сондай-ақ қабылданған шешімнің көшірмесін ұсына отырып, ішкі істер органдарының көші-қон полициясының бөлімшесін хабардар етеді.

44. Егер Қазақстан Республикасынан тыс жүрген, пана іздеген адамға босқын мәртебесін беруден бас тартылған жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде бұл шешімді уәкілетті органға жібереді және көрсетілген шешім одан әрі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы өтінішхаттың берілген жері бойынша Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне екі жұмыс күні ішінде жолданады. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі бас тарту туралы шешімді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бас тарту себебі мен қабылданған шешімге шағымдану тәртібін көрсете отырып, осы адамға шешімнің көшірмесін тапсырады немесе жібереді.

45. Босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы шешімге сотқа және (немесе ) уәкілетті органға шағымданған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі пана іздеген адамның куәлігінің қолданылу мерзімін шағымның қаралу кезеңіне ұзартады. Пана іздеген адам шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот қаулысын алған жағдайда пана іздеген адамның куәлігі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне тапсырылуға тиіс.

46. Босқын мәртебесі бір жыл мерзімге беріледі. Босқын шыққан елінде " Босқындар туралы" Заңның 1-бабының 1) тармақшасында көзделген мән-жайлар сақталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі босқын мәртебесін бір жылға және көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін бір ай бұрын берілген босқынның өтініші негізінде әрбір келесі жылға ұзартады.

Мерзімді ұзарту кезінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі босқынның босқын куәлігінің, тұруға ықтиярхатының (болған жағдайда), жол жүру құжатының болуын тексереді, отбасылық жағдайының, отбасы құрамының, тұратын мекенжайының өзгеруі туралы деректерді нақтылайды және бұл өзгерістерді босқынның жеке ісіне енгізеді.

47. Босқын мәртебесін ұзартудан бас тартылған жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік үш күннің ішінде біруақытта ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөлімшесін қабылданған шешімнің көшірмесін ұсына хабардар ете

отырып, өтініш берушінің оның есепке алынған орны бойынша бас тарту себебін , қабылданған шешімге шағымдану тәртібін көрсете отырып, сондай-ақ оның міндеттері мен құқықтарын түсіндіріп, шешімнің көшірмесін береді не жолдайды .

48. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында атап көрсетілген.

## 5-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

49. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, көші-қон саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

50. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

51. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

52. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

Босқын мәртебесін беру
туралы өтінішхатты тіркеу мен
караудың қағидаларына
1-қосымша

| "Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Аумақтық полиция бөліністері |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | Өтініштерді қабылдауды және көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады |
| | | Көрсету мерзімі - күнтізбелік 90 күн |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Экстрадициялауға сұрау салулар бар адамдардың өтінішхаттарын қарау кезінде, сондай-ақ шешім қабылдау үшін қосымша тексеру қажет аса "сезімтал" істер бойынша нақты күрделі немесе заңгерлік мәселелерді анықтаған жағдайда түпкілікті шешім қабылдау бір жыл мерзімге кейінге қалдырылады.<br>Құжаттар пакетін тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты - кемінде 30 минут;<br>Көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты - кемінде 30 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | 1) босқын мәртебесін беру және босқынның куәлігін беру;<br>2) босқынның мәртебесін ұзарту;<br>3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.<br>Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің нәтижелерін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.mvd.gov.kz "Ішкі істер органдарының қызметі туралы" бөлімде. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | Пана іздеген шетелдіктердің және Қазақстан Республикасындағы олардың отбасы мүшелерінің болатын жері бойынша көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде:<br>1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша босқын мәртебесін беру (ұзарту) туралы өтінішхат;<br>2) пана іздеген адамның жеке басын куәландыратын құжаттар;<br>3) қолдаухаттың негізділігін растайтын құжаттар мен материалдар (болған жағдайда). |
| | | 1) адамның нәсілдік, ұлттық, діни сенім, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалау құрбаны болуы мүмкін деген негізделген қауіп болмаса;<br>2) егер адам өзі туралы және Қазақстан Республикасының аумағына келу мән-жайлары туралы хабарлаудан бас тартса не көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа, сондай-ақ жалған құжаттарды ұсынса;<br>3) адамда өзі оның қорғауын пайдалана алатын үшінші мемлекеттің азаматтығы болса;<br>4) егер адам қауіпсіз үшінші елдің аумағынан тікелей келсе;<br>5) егер аталған адамға қатысты өзі азаматы болып табылатын елде не келген елінде әрекет ететін террористік, экстремистік, сондай-ақ тыйым салынған діни ұйымдардың қызметіне қатысады |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз | не қатысты деп топшылауға салмақты негіздер болса;<br>6) егер аталған адам жөнінде бейбітшілікке қарсы қылмысқа, әскери қылмысқа немесе адамзатқа қарсы қылмысқа қатысты шаралар қолдану мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы әрекеттерге берілген анықтамадағы осындай қылмыстарды жасады деп топшылауға салмақты негіздер болса;<br>7) егер аталған адамға қатысты ол Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін оның шегінен тысқары жерлерде саяси емес сипаттағы ауыр қылмыс жасады деп топшылауға салмақты негіздер болса;<br>8) егер аталған адамға қатысты ол Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының және халықаралық ұйымдардың мақсаты мен қағидаттарына қайшы келетін әрекеттердің жасалуына кінәлі деген салмақты негіздер болса;<br>9) егер аталған адам Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасынан басқа, Біріккен Ұлттар Ұйымы органдарының немесе мекемелерінің қорғауын не көмегін пайдаланып отырса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады. |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация | 1) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар;<br>2) Мүмкіндігі шектелген көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген, ғимараттарға кіре |

| | | |
|---|---|---|
